

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ілияс Есенберлин атындағы
№15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Байниязова Нұргүл Жолмырзақызы	Мектеп директоры
Балғалиев Аққали Нұрлаұлы	Мектеп директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Дағарова Айымгүл Шыныбекқызы	Мектеп директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Разакова Жанна Аскарровна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Имандосова Раиса Жомартовна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Рахметалиев Айбек Сақтағанович	Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары;
Джамангарина Гулнур Саматовна	Қамқоршылық кеңес төрайымы

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 970740000808 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 06 мамырында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 21 шілде.
- Заңды мекен-жайы: 030003, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, көшесі Н.В.Гоголь, үй 12. Электрондық мекен-жайы: aktobeschool_15@mail.ru, Телефон: 8 (7132) 45-81-96.
- Мектептің техникалық паспорты 2018 жылы 8 қазанда жасалған. Қабат саны – 2, құрылыс ауданы – 2102,1. Ғимараттың ауқымы - 18504, жалпы алаң – 3385,1. салынған жылы – 1939 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 06.05.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 29 наурыздағы №93 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»; Құрылтайшысы - «Ақтөбе облысының әкімдігі».

- Жылжымайтын мүлік жөніндегі 08.10.2018 жылы берген техникалық төлқұжаты бар. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ №2108111820184028. Берілген уақыты 13.08.2021 жыл. Меншік иесі құқық иесі туралы жер учаскесінің кадастрлық № 02-036-091-052. Жер учаскесінің алаңы-0,6437 га. БИН: 970740000808.

- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 01.02.2018 жылы №KZ47AA00010898 тіркелген, мерзімі – шектелмеген.

Мектеп директоры Байниязова Нұргүл Жолмырзақызы 2017 жыл 24 қаңтар Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №16 бұйрығымен «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметіне тағайындалды.

- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

- Мектептің қаржы-экономикалық жағы мектеп ішінде орналасқан. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

- «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2015 жылы өтті.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында

2017-2018 оқу жылында мектеп « Оқу -тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту» мәселесі бойынша жұмыс жасады.

Мақсаты:

Оқу-тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Міндеттері:

- 1.Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы оқу-тәрбие үрдісіне енгізу;
- 2.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- 3.Өзекті мәселеге байланысты шығармашылық топтар, шеберханалар , эксперименттік алаң жұмыстарын ұйымдастыру;
- 4.Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуға көшу жағдайында мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытында жұмыстану;
- 5.Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуға кезең-кезеңімен көшу.

2017-2018 оқу жылы .Дайындық кезеңі.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының теориясын оқып үйрену кезеңі

Міндеттер:

- 1.Сыни тұрғыдын ойлау технологиясы бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру;
- 2.Фокус топтар жұмысын ұйымдастыру;
3. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының элементтерін пайдалану;
- 4.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында жұмыстану;
5. Эксперименттік алаңдар жұмысын ұйымдастыру;
- 6.Шығармашылық топтар, педагогикалық шеберханалар ашу;
- 7.Дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі жүргізу

Мектеп мәселесін басшылыққа ала отырып төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

Теориялық семинарлар мен коучингтер педагогтардың білімін, біліктіліктерін арттыру мақсатында өткізілді. Олар: «Сыни тұрғыдан ойлаудың келешегі», «Педагогикалық үдерістегі

рефлексия», «Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары», «Сабақты зерттеу әдісі» тақырыбымен Маканованың жетекшілігімен коучингтер өткізілді. «Сыни тұрғысынан ойлау стратегияларының ағылшын тілі сабағындағы тиімділігі» тақырыбында Умирова коучинг өткізді. Теориялық семинарлар: «Қалыптастырушы бағалау, бағалау критерийлері, дискрипторлар құрастыру» (Самиянова, Айтжанова Р), «Токсандық жиынтық бағалау» (Өтемуратова, Василиева А) өткізілді. Практикалық семинарлар: «Бастауыш класс оқушыларын оқытуда үйірме, факультатив сабақтарын тиімді пайдалану» бастауыш класс әдістеме бірлестігі, ағылшын тілі пән бірлестігінің «Оқушылардың ағылшын тілі пәніне қызығушылығын арттыру жолдары» тақырыбымен практикалық семинары, «Озат тәжірибе-ортақ іс» тақырыбымен әдістемелік күн өтті. 1.20 қазан 2017 жылы «Білім беру мазмұнының жаңарту жағдайында оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері: мәселелер мен оларды шешу жолдары» тақырыбымен жаратылыстану бірлестігінің қалалық оқыту семинары өтті. «Мектептегі әдістемелік жұмысты басқару: тәжірибе, ізденіс, нәтиже» тақырыбымен мектеп директорларының орынбасарларына арналған қалалық семинар 26.02.2018 жылы өтті. «Жаңартылған білім мазмұнында қолданылатын белсенді әдістер» тақырыбында «Ынтымақтастық» желілік қоғамдастығының қалалық семинары өтті. «Стратегии формирования полиязычной личности на уроке русского языка и литературы» атты обл. семинар-практикумда Маканова Ж.М. Облыстық дөңгелек үстел «Особенности проектирования современного урока русского языка и литературы в условиях полиязычного и поликультурного образования» Маканова шебер класс «Развитие исследовательских навыков учащихся». Облыстық «Формирование и развитие основ читательской компетенции на уроках русского языка и литературы и во внеурочное время» тақырыбындағы оқыту семинарында «Есть в мире сердце, где живу я» шебер класс Маканова Ж өткізген. Облыстық «Гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту барысында оқытудың әмбебап іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы обл. семинарда «Поэт как сердце на ладони» шебер класс Маканова өткізді. Облыстық «Художественная деталь в литературном произведении» тақырыбымен шебер класс Маканова Ж өткізген. Республикалық он-лайн режимінде Конкабаева «Қорқыт атаның нақыл сөздері» тақырыбындағы ашық сабағын көрсетті, «Жоғары» деңгейде деп бағаланды. Республикалық семинар-практикум «Туған жер бағдарламасы – Жалпыұлттық патриотизм негізі» Бердигожина А. Халықаралық шебер класс Конкабаева «Тортай мінер ақ боз ат» бкласс жаңартылған мазмұн бойынша ықшам сабақ көрсетті.

2018-2019 оқу жылында

2018-2019 оқу жылында мектеп «Оқу - тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту» мәселесі бойынша жұмыс жасады.

Мақсаты:

Оқу-тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Міндеттері:

1. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы оқу-тәрбие үрдісіне енгізу;
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
3. Өзекті мәселеге байланысты шығармашылық топтар, шеберханалар, эксперименттік алаң жұмыстарын ұйымдастыру;
4. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуға көшу жағдайында мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытында жұмыстану;
5. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуға кезең-кезеңімен көшу.

2018-2019 оқу жылы. Жүзеге асыру кезеңі

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу

Міндеттер:

1. Мектеп бойынша сабақты қысқа, орта, ұзақ мерзімді жоспарлауға көшу;
2. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу;
3. Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыру;
4. Практикалық семинарлар ұйымдастыру;
5. Жаңартылған мазмұн бойынша оқыту жағдайында критериалды бағалау жүйесіне көшу;

6. Озық тәжірибе ортасын құру;

Өзекті мәселені басшылыққа ала отырып төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру бағытынды жұмыстар жүргізілу барысында анықталды:

Күшті жақтары:

1. Жаңартылған білім мазмұны бойынша 1,2,3,5,7 класс оқушыларының бағдарламаны толық меңгеруі ;

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға байланысты жұмыстардың өз деңгейінде жүргізілуі;

3. Мұғалімдердің білімін жетілдіру жұмысы жүйелі жүргізілуде. Биылғы оқу жылында 63 мұғалім біліктілігін арттыру курстарынан өтті.(базалық, жаңартылған білім мазмұны бойынша курстар)

4. Мұғалімдердің кәсіби даму деңгейінің , оған деген ұмтылысының жеткіліктілігі. (Қалалық, облыстық, республикалық халықаралық деңгейдегі байқаулар мен олимпиадалардан 71 мұғалім жүлделі орындарға ие болды.)

5. 1 қалалық шеберхана, 1 облыстық шығармашылық зертхана, 2 облыстық эксперименттік алаң жұмыс жасады;

6. Мұғалімдердің баспасөз қызметінің жүйелі дамуы;

7. Оқу-тәрбие процесінде АКТ пайдаланудың жолға қойылуы, электронды оқыту жүйесіне көшу;

8. Дарынды оқушылармен жұмыстың нәтижелі , жүйелі жүргізілуі;

Әлсіз жақтары:

1. Оқушыларымыздың республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардан жүлделі орындарының жоқтығы.

2. Сабақты зерттеу жұмысының жеткіліксіздігі;

3. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары, дискриптор бойынша кейбір мұғалімдерімізде қиыншылықтардың кездесуі;

4. Облыстық, республикалық деңгейде шеберхана, шебер сыныптардың аздығы.

5. IT кабинетінің өз мәнінде жұмыс жасамауы.

Мүмкіндіктері:

1. Мұғалімдердің 100 % жаңартылған білім мазмұны бойынша жұмыс жасауға мүмкіндігінің болуы;

2. Республикалық, халықаралық деңгейлердегі олимпиада, ғылыми жоба жүлдегерлерін дайындауға;

3. Облыстық, республикалық деңгейде шебер кластар көрсетуге, облыстық деңгейде шеберханалар ашуға;

Қауіп-қатер:

1. Педагог кадрлардың тәжірибе тарату(шебер сынып, шеберханалар ашу) жұмыстарына ұмтылысының жеткіліксіздігі;

Алдағы оқу жылына ұсыныс:

1. Мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін көтеру бағытында жұмыстану;

3. Мұғалімдердің сабақтарда белсенді әдістерді пайдалана отырып, оқу үрдісін жаңа мазмұнда жүргізуін қамтамасыз ету; (қалыптастырушы тапсырмаларды дайын күйінде алмай, өздерінің құрастыруына әдістемелік көмек ұйымдастыру)

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру;

5. Сабақты зерттеу бойынша жұмысты жүйелеп жүргізу;

6. Педагогикалық шеберханалар, шебер кластар ұйымдастыру арқылы іс-тәжірибе тарату;

7. IT кабинетінің талапқа сай жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

8. Өзекті мәселені қорытындылау.

2019-2020 оқу жылының мақсаты:

Мектеп мәселесі: «Оқу-тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту »

Әдістемелік жұмыстың өзекті мәселесі :

«Оқу-тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалану арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттыра отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту »

Мақсаты:

Оқу-тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен функционалдық сауаттылықтарын дамыту

Міндеттері:

- 1.Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы оқу-тәрбие үрдісіне енгізу;
- 2.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- 3.Өзекті мәселеге байланысты шығармашылық топтар, шеберханалар , эксперименттік алаң жұмыстарын ұйымдастыру;
- 4.Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуға көшу жағдайында мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытында жұмыстану;
- 5.Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуға кезең-кезеңімен көшу.

Өзекті мәселе 2017-2018,2018-2019,2019-2020 оқу жылдарына арналып алынды.

Өзекті мәселе бойынша жүргізілген жұмыстарды зерделей келе:

Күшті жақтары:

- 1.Оқу-тәрбие үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын мұғалімдеріміздің 100 % пайдалана алуына қол жеткізілді;
- 2.Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің, функционалдық сауаттылықтарының дамуы олимпиада, ғылыми жобаларға , шығармашылық байқаулар мен интеллектуалды конкурстарға қатысу белсенділігінен, жүлделі орындарға ие болуынан көрінді;
- 3.Шығармашылық топтар, шеберханалар , эксперименттік алаңдардың нәтижелі жұмыстары ; (3 қалалық ,2 облыстық педагогикалық шеберхана, 4 облыстық эксперименттік алаң жұмысы)
- 4.Жаңартылған білім мазмұны бойынша мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерінің артуы, толық меңгеруі ;
- 5.Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуға кезең-кезеңімен көшу жұмысының нәтижелі жүргізілуі,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класс оқушыларының бағдарламаны толық меңгеруі ;
- 6.«Көшбасшы мектеп» ретінде жұмыстардың нәтижелі жүргізілуі (жетекшісі Конкабаева Г.К)

Әлсіз жақтары:

1. Сыныпты басқау бойынша дамудың қажеттілігі;
2. Оқытудағы АКТ дағдылары бойынша дамудың қажеттілігі;
3. Оқушылар үнін тыңдаудың жеткіліксіздігі;
4. Оқушыларды бағалау әдістерінің біртектілігі;
5. Мұғалімдердің сабақ беретін пәндері бойынша әдістемелерін жетілдіру қажеттілігінің болуы.

Мүмкіндіктері:

1. Мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуына ;
- 2.Сабақты зерттеу жұмысын үздіксіз жүргізуге.
- 3.АКТ дағдыларын дамытуға ;

Қауіп-қатер:

- 1.Педагог кадрлардың тәжірибе тарату(шебер сынып, шеберханалар ашу) жұмыстарына ұмтылысының жеткіліксіздігі;

Алдағы оқу жылына ұсыныс:

1. Мұғалімдердің сабақ беретін пәндері бойынша әдістемелерін жетілдіру;
2. Іс әрекетті зерттеу үдерісін тәжірибеге енгізу;
3. Оқытудағы АКТ дағдыларын жетілдіру;
4. Оқушы білімін бағалау әдістемесін жетілдіру;
4. Сабақты зерттеу бойынша жұмысты жүйелі жалғастыру;
- 5.Оқушы үнін тыңдау әдістемесін жетілдіру.

2020-2021 оқу жылы

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысын ескере отырып, мектеп педагогтарынан алынған TALLIS сауалнамасының қорытындысы негізінде 2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылдарына арналған мектептің өзекті мәселесі анықталды.

Мектептің өзекті мәселесі ретінде «Іс-әрекетті зерттеу үдерісіне негізделген тәжірибе арқылы мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ету» мәселесін ұсынамыз.

Мектеп мәселесі: «Іс-әрекетті зерттеу үдерісіне негізделген тәжірибе арқылы мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ету»

Мақсаты: Іс-әрекетті зерттеу үдерісін оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуына қол жеткізу.

Міндеттері:

1. Оқу-тәрбие үрдісінде іс-әрекетті зерттеу үдерісін пайдалана отырып, мектеп ұжымының жаңашылдықпен жұмыс жасауына қол жеткізу;
2. Үздік білім беру ресурстары мен технологияларды пайдалану арқылы, коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту;
3. Оқу үрдісіндегі бағалау әдістемесін жетілдіру;
4. Ақпараттық технологиямен жұмыс жасауды толыққанды жүзеге асыру;
5. Оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін тілдік- коммуникативтік құзіреттіліктерін жетілдіру;
6. Ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын түсінетін, дүниетанымы бай, адамгершілігі мол, қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуына өз үлесін қосатын белсенді ұрпақ қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуына қол жеткізе отырып, интеллектуалдық әлеуеті, тілдік- коммуникативтік құзіреттіліктері дамыған, қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуына өз үлесін қосатын белсенді ұрпақ қалыптастыру.

2020-2021 оқу жылының І.ж.ж. Дайындық кезеңі.

Іс-әрекетті зерттеу үдерісінің теориясын оқып үйрену кезеңі

Міндеттер:

1. Іс-әрекетті зерттеу үдерісі бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру;
2. Тақырыпқа сәйкес коучингтер, ПШО тренерлерімен вебинарлар ұйымдастыру;
3. Проблемалық семинарлар, практикумдар өткізу;
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында жұмыстану;
5. Эксперименттік алаңдар жұмысын ұйымдастыру;
6. Шығармашылық мектептер, педагогикалық шеберханалар ашу;
7. Мұғалімдердің оқу-тәрбие үрдісіндегі жұмысын зерттеу, кемшіліктері бойынша әдістемелік көмек беру;
8. Қабілеті жоғары оқушылармен жұмысты жүйелі жүргізу

Күшті жақтары:

1. Мектептің өзекті мәселесі бойынша биылғы оқу жылына арналған мақсат, міндеттердің жүзеге асырылуы (Іс-әрекеттегі зерттеу бойынша педагогтардың теориялық білімдерінің қалыптасуы, өзекті мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарының басталуы);
2. Іс-әрекеттегі зерттеу негізінде педагогтардың шығармашылығының артуы; (баспасөз, конференцияларға қатысуы, әдістемелік құрал, электрондық орта шығару т.б.)
3. Мұғалімдердің білімін жетілдіру жұмыстарының жүйелі жүргізілуі; Биылғы оқу жылында 154 мұғалім біліктілігін арттыру курстарынан өтті. (базалық, жаңартылған білім мазмұны бойынша, инклюзивті б.б., арнаулы курстар)
4. 1 қалалық пед. шеберхана, 2 облыстық пед. шеберхана, 2 облыстық эксперименттік алаң жұмыстарының нәтижелі жұмысы;
5. «Көшбасшы мектеп» жұмысының жүйелі жұмыс жасауы;
6. «Оқушы үнін тыңдау» бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылар белсенділігінің жоғарлауы;
8. Оқушылардың интеллектуалдық әлеуеті, тілдік- коммуникативтік құзіреттіліктерінің жетілуі; (оқушылармен жұмыстың нәтижесінде қалалық, облыстық деңгейлер бойынша жетістіктердің көбеюі)
9. Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтардың, оқушылардың цифрлық сауаттылығының, ақпараттық технологиямен жұмыс жасауының толыққанды жүзеге асырылуы;

Әлсіз жақтары:

1. Мектептің сыртқы ортамен байланысының төмендігі;

2. Педагогтардың іс-тәжірибелерін республикалық, халықаралық деңгейлерде тарату жұмыстарының төмендегі; (республикалық әдістемелік құрал-1)

Мүмкіндіктері:

1. Мектеп ұжымының үздіксіз кәсіби дамуына ;
2. Республикалық, халықаралық деңгейлердегі олимпиада, ғылыми жоба жүлдегерлерін дайындауға;
3. Педагогтардың іс-тәжірибелерін республикалық, халықаралық деңгейлерде тарату Қауіп-қатер:
 1. Педагог кадрлардың республикалық, халықаралық деңгейлерде тәжірибе тарату (шебер сынып, шеберханалар ашу) жұмыстарына ұмтылысының жеткіліксіздігі;
Алдағы оқу жылына ұсыныс:
 4. Іс әрекетті зерттеу үдерісін тәжірибеге енгізу жұмысын жалғастыра отырып, мектептің үздіксіз дамуына қол жеткізу;
 2. Сабақты зерттеу бойынша жұмысты жүйелі жалғастыру;
 3. Эксперименттік алаңдар ұйымдастыру арқылы педагогтардың зерттеушілік қызметтің дамыту;
 4. Педагог кадрлардың республикалық, халықаралық деңгейлерде тәжірибелерін тарату (шебер сынып, шеберханалар ашу) бағытында жұмыстану;
 5. Республикалық, халықаралық деңгейлердегі олимпиада, ғылыми жоба жүлдегерлерін дайындау бағытында жұмыстану;

2020-2021 оқу жылының ІІ ж.ж, 2021-2022 ,2022-2023 оқу жылдары -Жүзеге асыру кезеңі
Іс-әрекетті зерттеу үдерісін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу

Міндеттер:

- Іс-әрекетті зерттеу үдерісін тиімді пайдалана отырып, педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыру;
2. Мұғалімдердің оқу-тәрбие үрдісіндегі жұмысын зерттеу, кемшіліктері бойынша әдістемелік көмек беру;
 5. Іс-әрекетті зерттеу үдерісін пайдалана отырып, «оқушы үнін» тыңдау арқылы әр оқушының оқу үрдісіндегі белсенділігін , өздігінен білім алу мотивациясын дамыту;
 6. Іс әрекетті тәжірибеге енгізу арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын , танымдық қажеттіліктерін жетілдіру;
 7. Іс-әрекетті зерттеу үдерісін тәжірибеге енгізу арқылы салауатты, шығармашыл орта құру;
 8. Іс-әрекетті зерттеу үдерісі арқылы мектеп-оқушы-ата-ана ынтымақтастық ортасын құру.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жұмыс жоспарлары тексерілді.

2017-2018 оқу жылына арналған оқу жоспары келесі құжаттар мен материалдар негізінде жасалынды:

- Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
1) мектепалды даярлық сыныптарында және 3-4,6,8-11 – сыныптарда білім беру процесі:
- ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі МДТОМЖС);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығына 1-қосымша);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама);
 - ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі- ҚР МЖМБС 2015);
 - «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары; 2013 жылғы 27 қарашадағы № 471 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
 - «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
 - «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 1,2,5,7– сыныптарда білім беру процесі:**
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары; 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
 - ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Негізгі, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі-ҚР МЖМБС-2016);
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 432 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-3 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына 1-қосымша
 - «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу –әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.
- «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде жүзеге асырылды.

2018-2019 оқу жылына арналған оқу жоспары келесі құжаттар мен материалдар негізінде жасалынды:

- Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- 1) мектепалды даярлық сыныптарында және 4,9,10,11 – сыныптарда білім беру процесі:**
- ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі МДТОМЖС);
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығына 1-қосымша);
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама);

- ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі- ҚР МЖМБС 2015);
 - «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары; 2013 жылғы 27 қарашадағы № 471 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
 - «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
 - «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 1,2,3,5,6,7,8– сыныптарда білім беру процесі:**
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары; 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
 - ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Негізгі, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі-ҚР МЖМБС-2016);
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 432 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-3 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына 1-қосымша
 - «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу –әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.
- «2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде жүзеге асырылды.

2019-2020 оқу жылына мектептің оқу жұмыс жоспарын жасауда төмендегі нормативтік – құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
- «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары(2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 2019-2020 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына 4,9,10-сыныптар көшеді. Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнының

жылдам қарқында жаңаруын талап етеді. 2019 – 2020 оқу жылында 11-сынып 2013 жылы бекітілген оқу бағдарламаларымен оқитын болады.

- 2019 жылғы 5 тамыздағы №401 бұйрығына енгізілген 1-11 сыныптарында дене тәрбиесінің әр үшінші сағатында “Футбол сабағы” сынағы жалғастырылады.

2020-2021 оқу жылына мектептің оқу жұмыс жоспарын жасауда төмендегі нормативтік – құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
- «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 2020-2021 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына 11-сыныптар көшеді.
- 2020 жылғы 5 тамыздағы №401 бұйрығына енгізілген 1-11 сыныптарында дене тәрбиесінің әр үшінші сағатында “Футбол сабағы” сынағы жалғастырылады.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында

Мектепалды даярлық сыныптар бойынша

2017-2018 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1- қосымшасын негізге ала отырып құрылды.

Вариативті бөлімі төмендегідей бөлінді:

Мейірімділік пен әділдік мекені – 1 сағат

Қызықты математика – 1 сағат

Ана тілім-дара тілім – 1 сағат

Жаратылыстану пәні терминдері – 1 сағат

1 сыныптар бойынша

2017-2018 оқу жылынан бастап 1 сынып оқушылары ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны оқу жоспарлары және оқу бағдарламаларымен оқитын болады.

1 сыныптың оқу-жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары негізге ала отырып құрылды. 1 сынып оқушыларының саусақ шеберлігін, өнерге деген қызығушылығын арттыра отырып, ойлау қабілетін дамытып шығармашылыққа баулу және әсемдікке үйрету мақсатында вариативті компоненттен 1 сағат - **Ғажайып бояу сыры**, 1 сағат - **Шебер қолдар** беріліп отыр.

2 сыныптар бойынша

ҚР Президентінің 2011 жылғы 17 сәуірдегі тапсырмасын жүзеге асыру және ҚР МЖМБС аясында 2017-2018 оқу жылында 2 сыныптарында «Шетел тілі» пәні оқытылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2 сыныптарында «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіріліп (жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан), бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсын оқыту міндетті болып табылады.

Биылғы оқу жылында 2 сыныптарда вариативтік компоненттердің бөлінуі төмендегідей болды. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруда **Жаратылыстану пәні терминдері** сағаты жүргізіледі.

Мектеп компоненті бойынша төмендегі сабақтарға бөлінудің мақсаты оқушылардың оқуына міндетті болып табылатын пәндерге қосымша мағлұмат беру, оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерінің негізін дамыту, жеке бағдарламалар арқылы мемлекеттік стандарттан тыс жан-жақты білім беруді жүзеге асыру және оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру, дамыту.

Мектеп компоненті бойынша:

2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» сынып

Жаратылыстану пәні терминдері -1сағ.

Оқушы компоненті бойынша:

2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» сынып

Шебер қолдар -1 сағат

3,4 сыныптар бойынша

ҚР Президентінің 2011 жылғы 17 сәуірдегі тапсырмасын жүзеге асыру және ҚР МЖМБС аясында 2017-2018 оқу жылында 3,4 сыныптарында Шетел тілі пәні оқытылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 3,4 сыныптарында «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіріліп (3 сыныптарында жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан), бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсын оқыту міндетті болып табылады.

«Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсы 4 сыныпта «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылады.

Биылғы оқу жылында 3,4 сыныптарында вариативтік компоненттердің бөлінуі төмендегідей болды. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруда **Тіл құдіреті, Ғажайып дүниетану, Жемқорлықсыз әлем** сағаты жүргізіледі.

Мектеп компоненті бойынша төмендегі сабақтарға бөлінудің мақсаты оқушылардың оқуына міндетті болып табылатын пәндерге қосымша мағлұмат беру, оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерінің негізін дамыту, жеке бағдарламалар арқылы мемлекеттік стандарттан тыс жан-жақты білім беруді жүзеге асыру және оқушылардың оқу, математикалық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту.

Мектеп компоненті бойынша:

3 «А», «Ә», «Б» сынып

1.Тіл құдіреті -1сағ.

2.Ғажайып дүниетану – 1 сағ.

3.Жемқорлықсыз әлем -1сағ.

4 «А», «Ә», «Б», сынып

1.Тіл құдіреті -1сағ.

2.Ғажайып дүниетану -1сағ.

3. Жемқорлықсыз әлем -1сағ.

Оқушы компоненті бойынша:

2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» сынып

Шебер қолдар -1 сағат

3 «А», 3 «Ә», 3 «Б» сынып

Көркем жазу -1 сағат

4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» сынып

Шахмат – 1 сағат

5,7 сыныптар бойынша

Вариативті компоненттен **5 кластарға** оқушыларды эссе жазуға, өз ойларын жинақтап ой қорыта білуге үйрету мақсатында **Эссе –прозалық мәтін** тақырыбында, операциялық жүйемен және оның түрлерімен таныстыру, компьютердің құрылғылары туралы жалпы түсінік беру мақсатында **Информатика әліппесі** тақырыптарындағы курстары, 7 кластарға 1 сағат **Өлкетану** курсына берілді.

Вариативті компоненттен 7 кластарға 1 сағат «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» атанған М.Мақатаевтың өмірбаяны мен сырлы поэзиясын оқушыларға кеңінен таныту мақсатында **Мұқағалитану** үйірмесі, мектеп жасындағы баланың ақыл-ойын дамыту, салауатты өмірдің лайықты азаматы болып өсіру мақсатында 5 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Шахмат** үйірмесі ашылды. Шахмат ойынына балаларды машықтандыру арқылы оларды математикалық шапшаңдыққа үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, әлеуметтік, моральдық талғамдарын байыту көзделіп отыр. «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсы «Технология» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылады.

5,7 сыныптарында вариативтік компоненттер төмендегідей бөлінді.

Мектеп компоненті бойынша:

5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В» кластарында

1.Эссе-шығармашылық ойдың жемісі- 1 сағ.

2 Информатика әліппесі

7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» кластарында

1.Өлкетану – 1 сағ.

Оқушы компоненті бойынша:

5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В» кластарында

Шахмат-1 сағат

7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» кластарында

Мұқағалитану – 1 сағат

6, 8-9 сыныптар бойынша

Қазақстан Республикасы Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 10 ақпандағы № 332 Жарлығын іске асыру үшін және оқушылардың дін туралы саяси мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында 9 кластарға базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Зайырлылық және дінтану негіздері** факультатив сабағы берілді. ҚР-сы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп, ҚР білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Абайтану** (9-11 сыныптар) таңдау курстарына беріліп отыр.

Мектеп жасындағы баланың ақыл-ойын дамыту, салауатты өмірдің лайықты азаматы болып өсіру мақсатында 8 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Шахмат** үйірмесі ашылды. Шахмат ойынына балаларды машықтандыру арқылы олардың математикалық шапшаңдыққа үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, әлеуметтік, моральдық талғамдарын байыту көзделіп отыр. 9 сыныптарда оқушылардың ойлау, сөйлеу тілдік шеберліктерін дамыту мақсатында «Пікірсайыс технологиясы- заман талабы» үйірмесі ашылды.

«Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсы «Технология» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылады.

Вариативті компоненттен **6 кластарға** оқушыларға табиғаттың таңғажайыптары, бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар дүниесінің қыр-сырларын үйрету мақсатында **Табиғат таңғажайыптары**, эссе жазуға, өз ойларын жинақтап ой қорыта білуге үйрету мақсатында **Эссе –шығармашылық ойдың жемісі** тақырыбындағы курстары берілді.

8 кластарға адам әрекеті мен қоршаған орта арасындағы байланысты түсіндіру, қоршаған ортаға тәрбиелеу мақсатында **Адам және экология**, табиғат туралы ұғымдардың,

тарихи және мәдени жәдігерлерге бай өлкенің құнды мұраларын оқушы бойына егу, елжанды ұрпақты тәрбиелеу мақсатында **Ақтөбе облысының табиғаты және шаруашылығы, Эссе-прозалық мәтін** тақырыптарындағы курстары берілді.

9 кластарға оқушылардың танымдық қызығушылығын қанағаттандыру үшін алған теориялық білімдерін тәжірибеде ұштастыру мақсатында **Эссе-прозалық мәтін** тақырыбындағы курс берілді.

6,8,9 сыныптарында вариативтік компоненттер төмендегідей бөлінді.

Мектеп компоненті бойынша:

6«А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В» кластарында

1. Табиғат таңғажайыптары – 1 сағ.
2. Эссе- шығармашылық ойдың жемісі

8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» кластарында

1. Адам және экология – 1 сағ.
2. Ақтөбе облысының табиғаты және шаруашылығы – 1 с
3. Эссе-прозалық мәтін – 1 с

9 «А», 9 «Ә» кластарында

1. Зайырлылық және дінтану негіздері -1 сағ
2. Абайтану - 1 сағ
3. Эссе-прозалық мәтін – 1 сағ

Оқушы компоненті бойынша:

Сыныптар	Тақырыбы	Сағат саны	Жалпы сағат саны
8«А», «Ә», «Б»	Шахмат	1	3

10-11 сыныптар бойынша

2017-2018 оқу жылында 10 «А», 11 «А», 11 «Ә» сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқиды. Бұл бағытты оқушылар мен ата –аналардың таңдауы мен өтініші бойынша таңдап алынды. 10-11 сыныптарының вариативті компонентін бөлу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр. Типтік оқу жоспарына сәйкес 10 сыныптағы алғашқы әскери дайындық пәнінің 1 сағаты вариативті компоненттен беріліп отыр.

І. Жаратылыстану-математикалық бағыт

10 «А» сынып

Мектеп компоненті бойынша:

- Тірі жүйелердің құрылымдық функциялары -1 сағат
- Қима сызбалары арқылы метрикалық есептерді шығару -1 сағат
- Логика және география – 1 сағат
- Физика есептерін шығару әдістері – 1 сағат
- Бейорганикалық заттардың айналымы – 1 сағат
- Алғашқы әскери дайындық – 1 сағат

Оқушы компоненті бойынша:

- Абайтану - 1 сағат

11 «А», 11 «Ә» сынып

Мектеп компоненті бойынша:

- Табиғаттың тылсым сырлары – 1 сағат
- Жаһандық экономика – 1 сағат
- Қима сызбалары арқылы метрикалық есептерді шығару - 1 сағат
- Физикадан қиын есептерді шешу жолдары – 1 сағат
- Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару -1 сағат
- Органикалық заттардың айналымы – 1 сағат

Оқушы компоненті бойынша:

- Абайтану– 1 сағат

2018-2019 оқу жылында

Мектепалды даярлық сыныптар бойынша

2018-2019 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1- қосымшасын негізге ала отырып құрылды.

Вариативті бөлімі төмендегідей бөлінді:

Мейірімділік пен әділдік мекені – 1 сағат

Қызықты математика – 1 сағат

Ана тілім-дара тілім – 1 сағат

Жаратылыстану пәні терминдері – 1 сағат

1 сыныптар бойынша

1 сыныптың оқу-жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары негізге ала отырып құрылды. 1 сынып оқушыларының саусақ шеберлігін, өнерге деген қызығушылығын арттыра отырып, ойлау қабілетін дамытып шығармашылыққа баулу және әсемдікке үйрету мақсатында вариативті компоненттен 1 сағат - **Ғажайып бояу сыры**, 1 сағат - **Шебер қолдар** беріліп отыр.

2 сыныптар бойынша

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2 сыныптарында «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіріліп (жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан), бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсын оқыту міндетті болып табылады.

Биылғы оқу жылында 2 сыныптарда вариативтік компоненттердің бөлінуі төмендегідей болды. Оқушылардың АКТ -ны күнделікті өмірде тиімді қолдану үшін қазіргі ақпараттық технологиялардың базалық білімі мен жұмыс жасау дағдыларын қамтамасыз ету мақсатында **Бағдарламалау негіздері** сағаты жүргізіледі.

Мектеп компоненті бойынша:

2 «А», 2 «Ә», 2 «Б» сынып

1.Бағдарламалау негіздері -1сағ.

3 сыныптар бойынша

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 3 сыныптарында «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіріліп (жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан) бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсын оқыту міндетті болып табылады.

Биылғы оқу жылында 3 сыныптарында вариативтік компоненттердің бөлінуі төмендегідей болды. Оқушылардың АКТ -ны күнделікті өмірде тиімді қолдану үшін қазіргі ақпараттық технологиялардың базалық білімі мен жұмыс жасау дағдыларын қамтамасыз ету мақсатында **Бағдарламалау негіздері** сағаты жүргізіледі.

Мектеп компоненті бойынша:

3 «А», «Ә», «Б» сынып

1.Бағдарламалау негіздері -1сағ.

4 сыныптар бойынша

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 4 сыныптарында «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіріліп (4 сыныпта 10 сағаттан), бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсын оқыту міндетті болып табылады.

«Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсы 4 сыныпта «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылады.

Биылғы оқу жылында 4 сыныптарында вариативтік компоненттердің бөлінуі төмендегідей болды. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруда **Ғажайып дүниетану, Жемқорлықсыз әлем** сағаты, оқушылардың АКТ -ны күнделікті өмірде тиімді

қолдану үшін қазіргі ақпараттық технологиялардың базалық білімі мен жұмыс жасау дағдыларын қамтамасыз ету мақсатында **Бағдарламалау негіздері** сағаты жүргізіледі.

Мектеп компоненті бойынша төмендегі сабақтарға бөлінудің мақсаты оқушылардың оқуына міндетті болып табылатын пәндерге қосымша мағлұмат беру, оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерінің негізін дамыту, жеке бағдарламалар арқылы мемлекеттік стандарттан тыс жан-жақты білім беруді жүзеге асыру және оқушылардың оқу, математикалық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту.

4 «А», «Ә», «Б», сынып

1.Бағдарламалау негіздері -1сағ.

2.Ғажайып дүниетану -1сағ.

3. Жемқорлықсыз әлем -1сағ.

Оқушы компоненті бойынша:

2 «А», 2 «Ә», 2 «Б» сынып

Шебер қолдар -1 сағат

3 «А», 3 «Ә», 3 «Б» сынып

Сиқырлы сахна -1 сағат

Қоөнер-сырлы өнер -1 сағат

4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» сынып

Шахмат – 1 сағат

5,6,7,8 сыныптар бойынша

Вариативті компоненттен **5,6,7,8 кластарға** оқушыларды эссе жазуға , өз ойларын жинақтап ой қорыта білуге үйрету мақсатында **Эссе –шығармашылық ойдың жемісі** тақырыбында, дұрыс тамақтанудың адам денсаулығы үшін маңызын ұғындыру мақсатында 5 кластарда **Тамақтану және денсаулық** тақырыбында, 6 кластарда жасушаның құрылысы мен негізгі органоидтары, жасушаның құрамы туралы түсіндіру мақсатында **Тірі жасуша жұмбақтары тақырыбында**, Қазақстан тарихындағы ерте замандағы елдердің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін оқушыларға жан-жақты таныту мақсатында **Тарих және елтану, 8 кластарға** адам әрекеті мен қоршаған орта арасындағы байланысты түсіндіру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу мақсатында **Адам және экология** тақырыптарындағы факультатив курсы берілді

Мектеп жасындағы баланың ақыл-ойын дамыту, салауатты өмірдің лайықты азаматы болып өсіру мақсатында 5,6 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Шахмат** үйірмесі ашылды. Шахмат ойынына балаларды машықтандыру арқылы оларды математикалық шапшаңдыққа үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, әлеуметтік, моральдық талғамдарын байыту көзделіп отыр. 7 кластарда оқушылардың экологиялық санасы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Экологиялық этика», 8 кластарда ірі тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбектерін таныстыру мақсатында «Орта ғасырлардағы тұлғалар мен жылдар» тақырыбында үйірме сағаттары беріліп отыр. «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсы «Технология» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылады.

5,6,7,8 сыныптарында вариативтік компоненттер төмендегідей бөлінді.

Мектеп компоненті бойынша:

5 «А», 5 «Ә» кластарында

1.Эссе-шығармашылық ойдың жемісі- 1 сағ.

2.Тамақтану және денсаулық

6 «А» класында

1.Эссе-шығармашылық ойдың жемісі- 1 сағ.

2.Тірі жасуша жұмбақтары-1сағ

3. Скретч (Scratch) программалау ортасы-1 сағ

6 «Ә», 6 «Б» кластарында

1.Эссе-шығармашылық ойдың жемісі- 1 сағ.

2.Тірі жасуша жұмбақтары-1сағ

3.Тарих және елтану-1сағ

7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» кластарында

1.Эссе-шығармашылық ойдың жемісі- 1 сағ.

8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» кластарында

1.Тұқымқуалаушылықтың заңдылықтары

2.Эссе-шығармашылық ойдың жемісі

Оқушы компоненті бойынша:

5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» кластарында

Шахмат-1 сағат

6 «А», 6 «Ә», 6 «Б» кластарында

Шахмат-1сағ

7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» кластарында

Экологиялық этика – 1 сағат

8 «А», 8 «Ә» кластарында

Орта ғасырлардағы тұлғалар мен жылдар-1 сағ

9 сыныптар бойынша

Қазақстан Республикасы Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы»2000 жылғы 10 ақпандағы № 332 Жарлығын іске асыру үшін және оқушылардың дін туралы саяси мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында 9 кластарға базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Зайырлылық және дінтану негіздері** факультатив сабағы берілді. ҚР-сы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп, ҚР білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Абайтану** (9-11 сыныптар) таңдау курстарына беріліп отыр.

9 сыныптарда оқушылардың ойлау, сөйлеу тілдік шеберліктерін дамыту мақсатында **«Пікірсайыс технологиясы- заман талабы»** үйірмесі ашылды.

9 кластарға оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін, теориялық білімдерін тәжірибеде ұштастыру мақсатында **«Экономика және бизнес »** тақырыбындағы курс берілді.

9 сыныптарында вариативтік компоненттер төмендегідей бөлінді.

Мектеп компоненті бойынша:

9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» кластарында

1. Зайырлылық және дінтану негіздері -1 сағ

2. Абайтану - 1 сағ

3.Экономика және бизнес – 1 сағ

Оқушы компоненті бойынша:

9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» кластарында

1.Пікірсайыс технологиясы-заман талабы-1 сағ

10-11 сыныптар бойынша

2018-2019 оқу жылында 10 «А», 11 «А» сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқиды. Бұл бағытты оқушылар мен ата –аналардың таңдауы мен өтініші бойынша таңдап алынды. 10-11 сыныптарының вариативті компонентін бөлу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр. Типтік оқу жоспарына сәйкес 10 сыныптағы алғашқы әскери дайындық пәнінің 1 сағаты вариативті компоненттен беріліп отыр.

I. Жаратылыстану-математикалық бағыт

10 «А» сынып

Мектеп компоненті бойынша:

Тірі жүйелердің құрылымдық функциялары -1 сағат

Қима сызбалары арқылы метрикалық есептерді шығару -1 сағат

Логика және география – 1 сағат

Физика есептерін шығару әдістері – 1 сағат

Бейорганикалық заттардың айналымы – 1 сағат

Алғашқы әскери дайындық – 1 сағат

Оқушы компоненті бойынша:

Абайтану - 1 сағат

11 «А» сынып

Мектеп компоненті бойынша:

Табиғаттың тылсым сырлары – 1 сағат

Жаһандық экономика – 1 сағат

Қима сызбалары арқылы метрикалық есептерді шығару - 1 сағат

Физикадан қиын есептерді шешу жолдары – 1 сағат

Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару -1 сағат

Органикалық заттардың айналымы – 1 сағат

Оқушы компоненті бойынша:

Абайтану– 1 сағат

2019-2020 оқу жылында

I.Мектепалды даярлық сыныптар бойынша

2019-2020 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын негізге ала отырып құрылды.

Вариативті бөлімі төмендегідей бөлінді:

«Мейірімділік пен әділдік мекені» – 1 сағат

«Қызықты математика» – 1 сағат

«Ана тілім-дара тілім» – 1 сағат

«Жаратылыстану пәні терминдері» – 1 сағат

II. Бастауыш білім беру сатысы

ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш белем берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары(Өзін-өзі тани пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулары енгізілген) негізге ала отырып құрылды. 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу курсының аясында кіріктірілген оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Вариативтік компоненттен сағатта келесідей бөлінді:

Оқу жоспарының тандау бойынша сабақтар төмендегі ретте бөлінді:

1. Бағдарламалау негіздері - 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б»,2 «В», 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кл -1 сағаттан

Оқу жоспарының белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары төмендегі ретте бөлінді:

1. «Шебер қолдар»—1«А»,1«Ә»,1«Б», 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б»,2 «В» кл - 1 сағ
2. «Ғажайып бояу сыры» -1«А»,1«Ә»,1«Б»-1 сағ
3. «Сиқырлы сахна» -3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кл -1 сағ.
4. «Қолөнер- сырлы өнер» - 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кл -1 сағ.

III. Негізгі білім беру сатысы

□ «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Оқу жоспарының инварианттық бөлігінен ағылшын тілімен кіріктіріп оқытуды биология пәнінен 8 “А”, химия пәнінен 8 “Ә”, физика пәнінен 8 “Б” аптасына 2 сағат оқытылуы ашылса, биология пәнінен 9 “А” класы (CLIL технологиясы бойынша) жалғастырады. ,

Вариативті компоненттен 5,6,7,8,9 кластарға оқушыларды эссе жазуға , өз ойларын жинақтап ой қорыта білуге үйрету мақсатында Эссе –шығармашылық ойдың жемісі тақырыбында, оқушыларға табиғаттың таңғажайыптары, бактериялар, саңырауқұлақтар,

өсімдіктер мен жануарлардың қыр-сырларын үйрету мақсатында 5-6 кластарда **Табиғат таңғажайыптары** тақырыбында, 6 класқа оқушылардың АКТ пайдалану дағдыларын дамыту, скретч программалау ортасымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында **Скретч ойын ортасында программалау**, 8 кластарға тұқымқуалаушылық заңдылықтарын түсіндіру, генетика ғылымы туралы ұғым қалыптастыру мақсатында **Тұқымқуалаушылықтың заңдылықтары**, физика пәнінен білімдерін кеңейту және келесі оқу жылында таңдау пәндері бойынша профильдік білімді қамтамасыз ету мақсатында **«Механика негіздері»** тақырыптарындағы элективті курстары берілді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 10 ақпандағы № 332 Жарлығын іске асыру үшін және оқушылардың дін туралы саяси мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында 9 кластарға базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Зайырлылық және дінтану негіздері** факультатив сабағы берілді. ҚР білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Абайтану** (9-11 сыныптар) таңдау курстарына беріліп отыр.

Мектеп жасындағы баланың ақыл-ойын дамыту, салауатты өмірдің лайықты азаматы болып өсіру мақсатында 5,6 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінен 1 сағат **Шахмат** үйірмесі ашылды. Шахмат ойынына балаларды машықтандыру арқылы оларды математикалық шапшаңдыққа үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, әлеуметтік, моральдық талғамдарын байыту көзделіп отыр. 7 кластарда оқушылардың сахна мәдениетін, ораторлық өнерді, сөйлеу мәнерлігін қалыптастыру мақсатында **«Сахна баспалдағы»**, 8 кластарда математикалық сауаттылықты, функционалдық сауаттылықты, SMART ойлауды дамыту мақсатында **«Мазмұнды есептер шығару»**, 9 сыныптарда оқушылардың ойлау, сөйлеу тілдік шеберліктерін дамыту мақсатында **«Пікірсайыс технологиясы- заман талабы»** үйірмесі ашылды. тақырыбында үйірме сағаттары беріліп отыр.

Оқу жоспарының вариативті компоненттің элективті курстары сағаттары төмендегі ретте бөлінді:

1. «Табиғат таңғажайыптары» -5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 6 «А», 6 «Ә» - 1 сағат
2. «Эссе шығармашылық-ойдың жемісі» - 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 6 «А», 6 «Ә», 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» – 1 сағат
3. «Scratch программалау ортасы»- 6 «А», 6 «Ә» - 1 сағат
4. «Тұқымқуалаушылықтың заңдылықтары» - 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» – 1 сағат
5. «Механика негіздері» - 9 «А», 9 «Ә»-1 сағат,
6. «Зайырлылық және дінтану негіздері»-9 «А», 9 «Ә» -1 сағат
7. Абайтану-9 «А», 9 «Ә»-1 сағат.

Оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі жеке және топтық жұмыстар төмендегі ретте бөлінді:

1. «Шахмат» - 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 6 «А», 6 «Ә» - 1 сағат
2. “Сахна баспалдағы”- 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б»– 1 сағат
3. «Мазмұнды есептер шығару» -8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» -1 сағат
4. «Пікірсайыс технологиясы-заман талабы»- 9 «А», 9 «Ә»- 1 сағат.

IV. Жалпы орта білім беру сатысы

2019-2020 оқу жылында 10 «А» сынып оқушылары **жаратылыстану- математикалық** бағыты бойынша, 10 «Ә» сынып оқушылары **қоғамдық гуманитарлық** бағыты бойынша, 11 «А» сынып оқушылары **жаратылыстану- математикалық** бағыты бойынша оқиды. Бұл бағытты оқушылар мен ата –аналардың таңдауы мен өтініші бойынша таңдап алынды. 10-11 сыныптарының **вариативті компонентін** бөлу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр. Типтік оқу жоспарына сәйкес 10 сыныптағы алғашқы әскери дайындық пәнінің 1 сағаты вариативті компоненттен беріліп отыр. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 10 сыныпта **«Алғашқы әскери және техникалық дайындық»** оқу курсының аясында жүзеге асырылады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 5 тамыздағы №401 бұйрығына енгізілген 10-11 сыныптарында дене тәрбиесінің әр үшінші

сағатында “Футбол сабағы” сынағы жалғастырылады. 10«А» сыныбы таңдау пәндерінің ішінен химия, дүниежүзі тарихы және география пәндерін оқушылар таңдамауына байланысты вариативтік компоненттен география пәні бойынша 10 класқа арналған Каймулдинова К., Әбілмажінова С. авторлығымен “География” оқулығына сүйене отырып құрылған және білім беру стандартын орындау мақсатында **“Экономикалық география”** бағдарламасы, Химия пәнінен Оспанова М.Қ., Аухадиева Қ.С., Белоусова Г.Т. авторлығымен 10 класс жаратылыстану-математикалық бағытқа арналған химия пәнінен типтік оқу бағдарламасына сүйене отырып жасалынған **«Химия заңдылықтары мен есептеулері»**, дүниежүзі тарихы пәні бойынша стандартты игерту мақсатында Р.Қайырбектың авторлығымен Дүниежүзі тарихы оқулығына сүйене отырып **Дүниежүзі тарихы** оқу бағдарламасы алынды. 10 “Ә” сыныбында стандарттық деңгейден физика пәні таңдалмауына байланысты, және оқу стандартын орындау мақсатында Д.Қазақбаевтың авторлығымен 2019 жылғы Мектеп баспасының оқулығына сүйене отырып **Физика** оқу бағдарламасы алынып берілді. Математикалық сауаттылықты дамыту және ойлау қабілетін, функционалдық ойлау қабілетін күшейту мақсатында алгебра пәнінен **«Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу»** оқу бағдарламасы, оқу сауаттылықты, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру мақсатында **«Эссе шығармашылық-ойдың жемісі»** оқу бағдарламасы алынып берілді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» таңдау курсы алынды.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінің жеке және топтық жұмыстары сағаттары төмендегі ретте бөлінді:

10 А сыныбында:

- «Дүниежүзі тарихы» -1 сағат
- «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» -1 сағат
- «Экономикалық география» – 1 сағат
- «Абайтану» – 1 сағат
- « Химия заңдылықтары мен есептеулері» – 1 сағат
- «Алғашқы әскери мен техникалық дайындық» – 1 сағат

10 Ә сыныбында:

- «Абайтану» – 1 сағат
- «Мәңгілік ел»-ұлттық идеясы: тарихи таным мен тамыр- 1 сағат
- «Эссе шығармашылық-ойдың жемісі»- 1 сағат
- «Физика» - 1 сағат
- «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу»- 1 сағат
- «Алғашқы әскери мен техникалық дайындық» – 1 сағат

11 сынып бойынша:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа ала отырып жасалынды.

Оқу жоспарының вариативтік бөлігі мектеп компонентіндегі қолданбалы курстары сағаттары төмендегі ретте бөлінді:

1. «Табиғаттың тылсым сырлары» – 1 сағат
2. «Жаһандық экономика» – 1 сағат
3. «Қима сызбалары арқылы метрикалық есептерді шығару» - 1 сағат
4. «Физикадан қиын есептерді шешу жолдары» – 1 сағат
5. «Органикалық заттардың айналымы» – 1 сағат
6. «Мәңгілік ел»-ұлттық идеясы: тарихи таным мен тамыр- 1 сағат

Оқушы компоненті:

1. «Абайтану»– 1 сағат

2020-2021 оқу жылында**I. Мектепалды даярлық сыныптар бойынша**

2020-2021 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын, ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын негізге ала отырып құрылды.

Вариативті бөлімі төмендегідей бөлінді:

1. «Мейірімділік пен әділдік мекені» – 1 сағат

2. «Ана тілім-дара тілім» – 1 сағат

3. «Жаратылыстану пәні терминдері» – 1 сағат

II. Бастауыш білім беру сатысы

ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш белем берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары(Өзін-өзі тани пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулыра енгізілген) негізге ала отырып құрылды. 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу курсының аясында кіріктірілген оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Вариативтік компоненттен сағатта келесідей бөлінді:

Оқу жоспарының тандау бойынша сабақтар төмендегі ретте бөлінді:

2. «Бағдарламалау негіздері» - 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 3 «В», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кл -1 сағаттан

Оқу жоспарының белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары төмендегі ретте бөлінді:

2. «Шебер қолдар»–1«А»,1«Ә»,1«Б», 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б» кл - 1 сағ

2. «Ғажайып бояу сыры»-1«А»,1«Ә»,1«Б»-1 сағ

3. «Сиқырлы сахна» -3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 3 «В»,4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кл -1 сағ.

4. «Қолөнер- сырлы өнер» - 3«А», 3«Ә», 3«Б», 3«В»,4«А», 4«Ә», 4«Б» кл -1 сағ.

III. Негізгі білім беру сатысы

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінен ағылшын тілімен кіріктіріп оқытуды биология пәнінен 9 “А”, химия пәнінен 9 “Ә”, физика пәнінен 9 “Б” аптасына 1 сағат оқытылуы (CLIL технологиясы бойынша) жалғастырады.

Оқу жоспарының вариативті компоненттің элективті курстары сағаттары төмендегі ретте бөлінді:

1. «Табиғат таңғажайыптары» -5 «А» ,5 «Ә», 5 «Б»,6 «А» ,6 «Ә», 6 «Б»,- 1 сағат

2. «Эссе - шығармашылық ойдың жемісі» - 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» – 1 сағат

3. «Scratch программалау ортасы»- 6 «А» ,6 «Ә», 6 «Б» - 1 сағат

4. «Тамақтану және денсаулық»- 7 «А», 7 «Ә»- 1 сағат

5.«Материктер мен мұхиттар географиясы» - 8 «А», 8 «Ә»,8 «Б» – 1 сағат

6.«Зайырлылық және дінтану негіздері»-9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» -1 сағат

7. «Абайтану»-9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» -1 сағат.

8. «Тұқымқуалаушылықтың заңдылықтары»-9 «А»-1 сағат.

9. «Күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығару»-9 «Ә»-1 сағат.

10. «Механика негіздері»-9 «Б»-1 сағат.

Оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі жеке және топтық жұмыстар төмендегі ретте бөлінді:

3. «Шахмат» - 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 7 «А», 7 «Ә» - 1 сағат

2. «Химия есептерін шығару әдістемесі» - 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» - 1 сағат

3. «Пікірсайыс технологиясы-заман талабы» - 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» - 1 сағат.

ІҮ. Жалпы орта білім беру сатысы

2020-2021 оқу жылында 10 «А» сынып оқушылары **жаратылыстану-математикалық** бағыты бойынша, 10 «Ә» сынып оқушылары **қоғамдық гуманитарлық** бағыты бойынша, 11 «А» сынып оқушылары **жаратылыстану-математикалық** бағыты бойынша, 11 «Ә» сынып оқушылары **қоғамдық гуманитарлық** бағыты бойынша оқиды. Бұл бағытты оқушылар мен ата-аналардың таңдауы мен өтініші бойынша таңдап алынды. 10-11 сыныптарының **вариативті компонентін** бөлу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр. Типтік оқу жоспарына сәйкес 10 сыныптағы алғашқы әскери дайындық пәнінің 1 сағаты вариативті компоненттен беріліп отыр. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 10 сыныпта **«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»** оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

Оқу жоспарының вариативтік компонентінің жеке және топтық жұмыстары сағаттары төмендегі ретте бөлінді:

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 А сыныбында:

Құқық көзі - заң- 1 сағат

Заманауи кәсіпкер- 1 сағат

Физика есептерін шығару әдістемесі- 1 сағат

Абайтану- 1 сағат

Химия заңдылықтары мен есептеулері- 1 сағат

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 Ә сыныбында:

Абайтану- 1 сағат

Құқық көзі - заң- 1 сағат

Эссе - шығармашылық ойдың жемісі- 1 сағат

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 сағат

Физика есептерін шығару әдістемесі- 1 сағат

Химия заңдылықтары мен есептеулері- 1 сағат

Қазіргі заманғы бағдарламалау- 1 сағат

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11 А сыныбында:

Әлем тарихы: өзгеріс пен сабақтастық- 1 сағат

Экономикалық география- 1 сағат

Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу- 1 сағат

Абайтану- 1 сағат

Химия заңдылықтары мен есептеулері- 1 сағат

Жалпы биологияның заңдылығы- 1 сағат

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11 Ә сыныбында:

Абайтану-1 сағат

«Мәңгілік ел»-ұлттық идеясы: тарихи таным мен тамыр-1 сағат

Эссе - шығармашылық ойдың жемісі-1 сағат

Құқық көзі - заң-1 сағат

Физика есептерін шығару әдістемесі -1 сағат

Теңдеулермен теңсіздіктерді шешу-1 сағат

Қазіргі заманғы бағдарламалау -1 сағат

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Талдау нәтижелері: І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебіндегі тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін» басшылыққа алынып жасалған.

2017-2018 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін құрайтын Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттарға сүйеніп жасалған: Қазақстан Республикасының Конституциясы(12, 27, 28, 29, 30- баптар), «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы», «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы», «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы», Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы Конвенциясы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы қараша айында бекітілген «Қазақстан Республикасы Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Ақтөбе облысында тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған Бағыт-бағдарламаның концепциясы мен төлқұжаты.

Тәрбиенің кешенді бағыттары мектепішілік, мектептен тыс шаралардың, үйірмелердің, балалар ұйымының жұмысы, ҚР-ның рәміздерін оқып, тану, қолдану, насихаттау жұмыстары, ата-аналармен жұмыс, класс жетекшілер отырыстары жүргізілген.

«Туған жер» бағдарламасы білім, экология және абаттандыру, өңір тарихын зерделеу, жергілікті деңгейдегі мәдени - тарихи ескерткіштер мен мәдениет объектілерді қалпына келтіру саласындағы маңызды өлкетанулық жұмыстарды ұйымдастыруға бағытталған.

2017 жылы қазан айында «Адам және заң» атты құқық апталығы өтті. Құқықтық мәдениетін анықтау мақсатында 2 шара, олимпиада, байқау, Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін жоғарылату үшін «Өз құқығыңды қорғай біл!» дөңгелек үстел, дебат, «Біз Қазақстанның болашағымыз» тақырыбында пікірталас өтті. «Оқушылар неге бұзақылыққа барады», «Жасөспірімдердің қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылуы» тәрізді мәселелерге көңіл бөлінді. 1-желтоқсан Президент күніне, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын білу мақсатында 5-11 кластар аралығында сауалнамалар мен шаралар, 1-11 кластарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттары, 9 - мамыр «Жеңіске 73 жыл» мерекесі оқушылардың қатысуымен ардагерлерге мерекелік шара мен сыйлықтар табыс етілді.

«**Мен өз елімнің патриотымын**» атты тақырыпта Ауған соғысына қатысқан ардагерлермен ерлік сабағы өтіп, «Жас сарбаз-2018» байқауымен жалғасты.

Мөлтекаудан бойынша өткен «Жас сарбаз-2018» байқауында мектебіміз ІІ жүлделі орынға ие болды.

Оқу далалық жиынға қатысып, Жас сарбаздарымыз мектеп абыройын асқақтатты.

Құқық қорғау органдарының қатысуымен қараша айында оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуы, зиянды заттардың алдын алу, қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында «**Жан-жақты тәрбие - баршаның міндеті!**» атты тақырыпта ата-аналарға, класс жетекшілерге арналған конференция дін өкілдерінің, ГАЙ қызметкерлерінің, СӨС мамандарының қатысуымен өткізілді.

Желтоқсан айында «Кәмелетке толмағандардың алкогольдік сусындары, психоактивті заттарды, темекі, наша сияқты зиянды заттарды қолданудың алдын алуына» байланысты «ТС» қатысуымен ер балалар жиналысында Әкелер клубының жетекшісі М.Зайырмбетовтің қатысуымен кездесу өтті. Ер ұстаздар өздерінің ойларын ортаға салып, оқушыларға толық ақпарат беріліп, сұрақтарына жауап алынды.

«Құқықбұзушылықтың алдын алуы» тақырыбында мектепішілік жалпыата-аналар жиналысы, сонымен қатар 15 мамыр Жалпыұлттық ата-аналар жиналысы өтті.

Қазан, қаңтар, мамыр айларында «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алуы» тақырыбында 3 рет мектеп инспекторы Б.Малаевтың қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Мектепке қабылдау» акциясы өтті.

«Діни экстремистік ұйымдар және олардың қауіптілігі» атты тақырыпта оқушыларға «Ансар» ақпараттық талдау орталығының теолог мамандары Разак Тастанбек, Ықылас Нұрболат, Ер балалар пансионатының ұстазы Қияметдин Жолдасұлы, мектебіміздің мектеп инспекторы Л.Ахметованың, мектебіміздің Дінтану мұғалімі Сартаева Гүлзаданың қатысуымен кездесу өтті.

Сонымен қатар «Дін тәрбие – дінгегі» атты тақырыпта оқушылар арасында дебат ойыны өткізілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салды.

Бірнеше жылдар қатарынан «Жасөспірім», «Тәртіп сақшылары», «Наркопост» клубтардың жұмысы жоспарлы іс-шаралар ұйымдастырылып отырады

Сонымен қатар мектеп психологтары А.Ізбасарова, Н.Жиганова, ТЖ орынбасары С.Карагулованың қатысуымен «Әлеуметтік желінің жеткіншектерге ықпалы», «Ұялы телефонға жол жоқ!» атты тақырыптарда оқушыларға түсіндіру жұмыстары, ата-аналарға тренингтер, дәрістер өткізілді.

2018 жылдың қаңтар, наурыз айлары мерзімінде ҚББ және ІІБ біріккен жұмыс жоспары негізінде «Тәртіп сақшылар», учаскелік инспектор және мектеп әкімшілігі кешкілік уақытта аз қамтылған және көп балалы жанұялардың мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылардың үйін аралау жұмыстары жүргізілді. Жұмыс қорытындысы ата-анамен байланыс дәптерінде белгіленді. Мектепте «Сымбат» қыз балалар және «Әкелер», «Аналар» атты клубтары жұмыс жасайды.

2017-2018 оқу жылында өткізілген шаралар

Бағыттары	Өткізілген шаралар саны
*Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	22
* Рухани-адамгершілік тәрбиесі	20
*Ұлттық тәрбиесі	12
* Отбасы тәрбиесі	13
* Қоршаған ортаны, өзін –өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу	10
* Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	17
* Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	28
* Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	27
* Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.	12

Кешенді бағдарламаның әрбір бағыты бойынша төмендегі жұмыстар өткізілді.

Рухани адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдық қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруда болжайды.

Барлық жоспарланған мәдени шаралар уақытымен өткізілді. Атап айтсақ,

- Білім күніне арналған салтанатты жиын;
- Ата заң күніне байланысты ашық тәрбие сағаты;
- 1 қазан «Қарттар күніне» ардагер мұғалімдер мен кездесу, мерекелік шарасы және «Ұстаз -Ұлы тұлға»атты тақырыпта мұғалімдер күніндегі мерекелік шаралар өтті

Биыл мектепте 9-11 класс оқушылары арасында «Венский бал» байқауы өтті;

- «Тәуелсіздік күні» ашық тәрбие сағаттары, әдеби-музыкалық монтаж, салтанатты жиын өтті.
- «Жас ұлан» ұйымының «Жас қыран» қатарына бастауыш буын оқушылары қабылданды. Республика күніне, Тәуелсіздік күніне мектеп алды безендірілді.

- Облыстық планетарийге, «Алақай» қуыршақ театры, Т.Ахтанов драма театры, облыстық өлкетану мұражайына саяхат жасалды.
- 8 наурыз «Халықаралық әйелдер мерекесіне әр класс ашық тәрбие сағаттарын ұйымдастырды.
- «Кішкентай ханшайым – 2018» 2-4 класс, «Наурыз аруы 2018» 5-7 класс, «Бұрымды ару» атты іс-шаралар ұйымдастырылды.
- 1-мамыр «Қазақстан халықтарының достығы күні» мересінде Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлттық салт-дәстүрлері, ән – би байқаулары көрсетілді.
- Сыңғырла күміс қоңырау салтанатты жиыны өтті.

***Ұлттық тәрбиесі**

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа атадан балаға, қалдырған өсиеттері жайлы «Бабалар өсиеті» атты «Сөнбес жұлдыздар» ұлы адамдар жайлы кештер, мақал-мәтелдер жарысы ұйымдастырылды. «Зергер» қазақ және өзге халықтардың ұлттық қолөнер туындысы қолданбалы қолөнер бұйымдарынан байқау өткізілді. «Ұлттық дәстүр – асыл қазына» атты 8-11 кластарға салт - дәстүрлерден байқаулар өтті. «Халық даналығы – рухани байлық көзі!» атты кеш, «**Мектеп пен отбасы бірлігі, болашақ ұрпақ тірлігі**» тақырыбында ата-аналарға семинар, 22 наурыз қарсаңында Отбасы тәрбиесі аясында «Әжелер – 2018» сайысы өтті

2018-2019 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасының Конституциясында (12, 27, 28,29,30 баптарында) «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Діни сенім бостандығы және діни бірлестік туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы», «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы», «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы», Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы», Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы Конвенциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарында және т.б. маңызды құжаттар мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы қараша айында бекітілген «Қазақстан Республикасы Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі **тәрбие** Тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Ақтөбе облысында тәрбие жұмысының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт – бағдарламаның концепция мен төлқұжатын басшылыққа ала отырып құрылған.

2018-2019 оқу жылының басында мектебіміздің тәрбие жұмысы бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Білім күніне байланысты «Мен өз елімнің патриотымын» атты салтанатты жиын және кластарда ашық класс сағаттары өткізілді.

2018 жылы қазан айында «Адам және заң» атты құқық апталығы, Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін жоғарылату үшін «Өз құқығыңды қорғай біл!» дөңгелек үстел, дебат, «Біз Қазақстанның болашағымыз» тақырыбында пікірталас өтті. «Оқушылар неге бұзақылыққа барады», «Жасөспірімдердің қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылуы» тәрізді мәселелерге көңіл бөлінді. 1-желтоқсан Президент күніне, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын білу мақсатында 5-11 кластар аралығында сауалнамалар мен шаралар, Мемлекеттік рәміздерді қолдану мен қастерлей білу бойынша құрылған жоспар негізінде «Рәміздерді құрметтейік» тақырыбында апталық ұйымдастырылды.

1-11 кластарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттары, 9 - мамыр «Жеңіске 74 жыл» мерекесі оқушылардың қатысуымен ардагерлерге мерекелік шара мен «Ардагерлерді құрметтейік» акциясы бойынша оқушылар тыл ардагерлерінің үйлеріне барып сыйлықтар табыс етілді.

Отбасы күніне «Отбасым-бақыт мекенім» тақырыбында класс жетекшілер ата-аналармен бірлесіп класс сағаттарын өткізді. Полиция бөлімінің инспекторларының қатысуымен «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі туралы» кездесулер әр каникулға шығар алдында жүргізіліп отырды.

«Ұл мен қыз – ұлт намысы» атты семинар өтті. Сонымен қатар, «Мен, бала құқығын қорғау Конвенциясы туралы не білемін?» дәріс сабақ, «Жауапкершіліктің түрлері» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өтті. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуы» атты тақырыпта мектепте мектепшілік ата-аналар конференциясы өтті, «Ұл бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» атты тақырыпта кездесу кеші, «Жасөспірімдер құқығын қорғау» тақырыбында 9-10-11 класс оқушылары арасында әңгіме сұхбат, «Тәуелсіздік күні» ашық тәрбие сағаттары, 8 наурыз «Халықаралық әйелдер мерекесіне ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Кішкентай ханшайым – 2018» 2-4 класс, «Наурыз аруы 2019» 5-7 класс, «Бұрымды ару» атты іс-шаралар ұйымдастырылды.

1-мамыр «Қазақстан халықтарының достығы күні» мересінде Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлттық салт-дәстүрлері, ән – би байқаулары көрсетілді.

«Ұлттық дәстүр – асыл қазына» атты 8-11 кластарға салт - дәстүрлерден байқаулар өтті.

2018-2019 оқу жылында өткізілген шаралар

Бағыттары	Өткізілген шаралар саны
*Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	21
* Рухани-адамгершілік тәрбиесі	18
*Ұлттық тәрбиесі	11
* Отбасы тәрбиесі	10
* Қоршаған ортаны, өзін –өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу	8
* Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	17
* Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	26
* Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	23
* Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.	11

2019-2020 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құруда тәрбие үдерісіне қатысты ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиені тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынған.

Білім күніне байланысты «Саналы ұрпақ, жарқын болашақ» атты салтанатты жиын және кластарда ашық класс сағаттары өткізілді.

Жоспарға сәйкес 1-11 кластарда 2019 жылы қазан айында «Адам және заң» атты құқық апталығы өтті, «Өз құқығыңды қорғай біл!» дөңгелек үстел, дебат, «Біз Қазақстанның болашағымыз» тақырыбында пікірталас, «Оқушылар неге бұзақылыққа барады», «Жасөспірімдердің қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылуы» тәрізді мәселелерге көңіл бөлінді. 1-желтоқсан Президент күніне, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын білу мақсатында 5-11 кластар аралығында сауалнамалар мен шаралар, Мемлекеттік рәміздерді қолдану мен қастерлей білу бойынша құрылған жоспар негізінде «Рәміздерді құрметтейік» тақырыбында апталық ұйымдастырылды.

1-11 кластарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттары, 9 - мамыр «Жеңіске 75 жыл» мерекесі оқушылардың қатысуымен онлайн түрінде Ардагерлерді құрметтеу, құттықтау видеороликтері жүргізіліп инстаграм парақшасына жарияланды.

Полиция бөлімінің инспекторларының қатысуымен «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі туралы» кездесулер, «Тәуелсіздік тірегі-қайсар рухы қазақтың» сынып сағаттары, «Ұстазым менің, ұстазым», «Жаңа жыл жарылқа!», «Аналар, асыл жандар», «Қош келдің, әз Наурыз!» меркелік шаралар , «Бірлігіміз жарасқан» , «Ерлік даңқы мәңгілік» сынып сағаттары өткізілді. «СПИД жалпыадамзаттық мәселе» дөңгелек үстел, «Ана деген тіршіліктің тірегі» меркелік кеш , «Жүректен жүрекке» мектептегі еріктілермен бірге қайырымдылық акциясы, сонымен қатар мектеп оқушыларының қатысуымен «Сөнбес жұлдыздар» ұлы адамдар

жайлы кеш, «Тіл тағдыры-ел тағдыры» айлығы, «Кәріге құрмет, балаға міндет» қайырымдылық іс-шара, «Қыз бала мен ер бала тәрбиесі» дөңгелек үстел, «Алтын күз» байқауы, «Біз зиянды заттарға қарсымыз» акциясы, «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» кездесу, «Қазақстан менің Отаным» дәстүрлі әндер байқауы, «Үздік Жасұлан» байқауы өткізілді.

2019-2020 оқу жылында өткізілген шаралар

Бағыттары	Өткізілген шаралар саны
*Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	14
* Рухани-адамгершілік тәрбиесі	12
*Ұлттық тәрбиесі	7
* Отбасы тәрбиесі	10
* Қоршаған ортаны, өзін –өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу	8
* Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	11
* Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	18
* Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	15
* Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.	9

2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарының негізінде құрылған.

2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалынған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құруға бағытталған.

2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Жоғарыда аталған 8 бағыт бойынша жыл басында бекітілген жоспарлар карантиндік және шектеу іс – шаралары жағдайында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық – бұқаралық іс – шаралар тоқтатылып, бұл шаралар онлайн түрде жүргізілді.

Халықаралық қарттар күніне байланысты мектеп оқушылары бейнероликтер арқылы құттықтап өлеңдер оқыды. Мұғалімдер күні қарсаңында мектеп ұстаздарын және де ардагер ұстаздарды мектептің әлуметтік желісі арқылы құттықтаулар ұйымдастырылды.

Мектепшілік онлайн форматта « Жас Ұлан » бірінғай балалармен жасөспірімдер ұйымына «Ұланбасы» сайлауы өтті. Мектеп психологтары мен директордың ТЖ орынбасарының ұйымдастыруымен қашықтықтан ZOOM платформасы арқылы “Мен және менің ортам” тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылып, кеңестер берілді.“Мектеп пен отбасы бірлігі - тәрбие көзі” тақырыбында қашықтықтан ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.“Жастарды жат ағымдардан аулақ ұстау жолдары” тақырыбында оқушыларға имандылық тәрбие беру мақсатында “Аңсар” ақпараттық талдау орталығының

теолог маманы Панаев Н.А. қатысуымен 10-11 класс оқушыларына ZOOM платформасы арқылы қашықтықтан кездесу ұйымдастырылды. Панаев Нұрбол оқушыларға діннің бағыттары туралы айта өтіп, басқа діни ағымдардан сақтану керектігін, дінге байланысты сұрақтар туындай қалса мектептің дінтану пәні мұғаліміне, мешіттерге имамдарға немесе “Аңсар” орталығындағы мамандарға жолығуға немесе сенім телефонына қоңырау шалып толғандырған сұрақтарына жауап ала алатындарын айта кетті.

“Қыз бала тәрбиесі - ұлт тәрбиесі” тақырыбында “Сымбат” қыз балалар клубының ұйымдастыруымен 8-11 кластың қыз балалары арасында ұлттық тәрбие мен инабаттылықты дамыту мақсатында қашықтықтан жиын өткізілді.

“Ғажайып алтын күз” тақырыбында 1-8 кластар аралығында шығармашылық жұмыстар жүргізілді.

“Жас Ұлан” ұйымының ұйымдастыруымен “Мектебімді сағындым” тақырыбында онлайн сурет байқауы өтті. Оқушылар мектепке сағыныштарын сурет салу арқылы көрсете білді.

“Адал ұрпақ” ұйымының бастауымен “Біз адалдықты қолдаймыз” тақырыбында 5-9 кластар танымдық шаралар ұйымдастырылды.

“Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы” КММ жоспары бойынша 16 қараша күні мектебіміздің 9,10,11 класс оқушыларына қашықтықтан кездесу өткізілді.

5) білім алушылардың рухани - адамгершілік, азаматтық - патриоттық, көркемдік - эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі:

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркемдік-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан спорттық және көркемдік-шығармашылық үйірмелер ашылды.

2017-2018 оқу жылында «Волейбол», «Баскетбол», «Футбол», «Тоғызқұмалақ», «Шебер қолдар», «Қолөнер-сырлы өнер», «Сиқырлы сахна» үйірмелері ашылды, мектепішілік үйірмеге қатысқан оқушы саны -424, сапасы 48,2 пайыз

2018-2019 оқу жылында «Волейбол», «Баскетбол», «Футбол», «Тоғызқұмалақ», «Шебер қолдар», «Қолөнер-сырлы өнер», «Кішкентай актерлар», «Шахмат», «Экологиялық этика», «Дебат» спорттық және көркемдік-эстетикалық үйірмелері ашылып, жұмыс жүргізілген. Мектепішілік үйірмеге қатысқан оқушы саны-523, сапасы 65,7 пайыз.

2019-2020 жылында «Волейбол», «Футбол», «Тоғызқұмалақ», «Грек-рим күресі», «Тасквандо», «Шебер қолдар», «Қолөнер-сырлы өнер», «Сиқырлы сахна», «Ғажайып сырлы бояу», «Шахмат», «Драма», «Дебат», «Математика және логика»

Тақырыптарында спорттық және көркемдік-шығармашылық үйірмелер ұйымдастырылды. Оқу жылы бойынша үйірмеге қатысқан оқушы саны-478, сапасы- 69 пайыз

2020-2021 оқу жылында «Волейбол», «Футбол», «Гандбол», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Ғажайып бояу сыры», «Шебер қолдар», «Қолөнер-сырлы өнер», «Сиқырлы сахна», «Химия есептерін шығару» үйірмелері жүргізілді. Мектепішілік үйірмеге қатысқан оқушы саны -514, сапасы-72,5 пайыз. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылды.

Сабақтан тыс жүргізілетін үйірмелердің кестесі жасалып, бағдарламалары бекітілді. Аталған үйірмелерге қатысым бойынша оқушылардың жетістіктері бар

5.1. Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері:

2017-2018 оқу жылы

Халықаралық немесе республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: 27,4 %

Мектептегі оқушы саны	Халықаралық	Республикалық	барлығы	%
819	11	2014	225	27,4

XX Халықаралық балалар олимпиадасы 1-4 класс оқушылары арасынан І,ІІ,ІІІ орынға -11 оқушы ие болды.

КИО	"Жас білімпаз"	Ә.Марғұлан тарих олимпиадасы	ККО	НЮ	XX Халықаралық балалар олимпиадасы	ТЮ	барлығы
18	2	2	55	106	11	3	197

Республикалық: КИО олимпиадасынан І орын-5, ІІ орын - 7, ІІІ орын- 6 , барлығы 18 орын.

" Жас білімпаз" Республикалық қашықтық олимпиадасының жеңімпазы Сагиданов Акимжан – Порын,Нағметов Қуандық ІІІ орынмен марапатталды.

"Ә.Марғұлан "тарих олимпиадасына 2 оқушы қатысып, ІІ,ІІІ орындарға,ККО қашықтық олимпиадасына 1-11 класс оқушылары арасынан жүлделі І,ІІ,ІІІ орынға 45 оқушы , НЮ қашықтық олимпиадасына 1-11 класс оқушылары арасынан жүлделі І,ІІ,ІІІ орынға -106 оқушы ие болды.

ТЮ қашықтық олимпиадасына 1-4 класс оқушылары арасынан І,ІІ,ІІІ орынға -3 оқушы , Ахмет Байтұрсынұлының ІІ Республикалық олимпиадасына Оразалина Анар ІІІ орын .

КҒА-ның республикалық кезеңі:1 орын

№	секция	Оқушының аты-жөні	орыны	Пән мұғалімі
1.	Қазақ әдебиеті	Сақтағанова Л,Сақтағанова З	ІҮ орын	Конкабаева Г.Қ.

Қашықтық конкурстар - 16

Республикалық "Дарабоз" интеллектуалды білім порталындағы мәнерлеп оқу сайысынан Мырзағұл Аяулым -І орын, көркем жазу сайысынан Альжанова Зере БАС ЖҮЛДЕ, Сағынтай Гүлім ІІ орын, « Бір әріп — бір мәтін» байқауына Тайман Жанерке 1 орын , « Әкешім-бәйтерегім байқауынан Сейткерей Мерғали Порынға, «Анам –менің ұстазым » эссе байқауында Тынышқали Г,Оразалиева А, Реметуллиная ІІ орынға ие болған. , "Асыл анам" және "Менің әкем әлемдегі жақсы адам" эссе байқауына 1"Б" класс оқушы Болатбаева К.Н. және 2"А" класс оқушысы Абдолла Ж.М. жүлделі 1 орын , "Ғылыми жоба" байқауына 1 Б класс оқушысы Асан Бекболат бас жүлдеге және 3"Б" класс оқушысы Жакина Женель жүлделі І орын алды. "Жырым менің " (ақындар мүшайрасы) байқауынан 1"А" класс оқушысы Альжанова З ІІІ орын алды.

"Ұстаз жолы- өнеге" байқауы 1"А" класс оқушысы Бексултанов Ислам бас жүлде және 2"А" класс оқушылары Қыстаубаева Жанель І орын , Серік Дәулет ІІ орын алды. алды.

"Мәнерлеп оқу" байқауынан 1 "А" класс оқушысы Оразалыев Барак ІІІ орын алды.

Өңірлік немесе облыстық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: 10,6 %

Мектептегі оқушы саны	Облыстық олимпиадалар	Ғылыми жобалар, конкурстар	барлығы	%
819	3	84	87	10,6

Облыстық кіші олимпиада: 2 орын

№	Пән аты	Оқушының аты-жөні	класс	орын	Пән мұғалімі
№	Пән аты	Оқушының аты-жөні	класс	орыны	Пән мұғалімі
1	Қазақстан тарихы	Сақтағанова Лиза	8	ІІІ	Канаева Б.Е
2	Қазақстан тарихы	Сақтағанова Зарина	7	ІІІ	Канаева Б.Е

Облыстық кезеңнен Сақтағанова Л ІІІ орын, 7 класс Сақтағанова З ІІІ орынға ие болды.

Облыстық «Достық-2018» олимпиадасы:

№	Олимпиада аты	Оқушының аты-жөні	класс	орын	Пән мұғалімі
1	«Достық-2018»	Таужанова Д	6	ІІІ	Умирова А

Ғылыми жобалар: "Зерде" облыстық кезең:1 орын

№	класс	Оқушының аты-жөні	орыны	Пән мұғалімі
1	3 “Б”	Жакина Жанель	III орын	Бердигожина А.Е

2. КҒА-ның облыстық кезеңі: 5 орын

№	секция	Оқушының аты-жөні	Орын	Пән мұғалімі
1.	Қазақ әдебиеті	Сақтағанова Л,Сақтағанова З	II орын	Конкабаева Г.Қ.
2.	Биология	Адай Г	IY орын	Дағарова А.Ш
3.	Тарих	Данабай А	IY орын	Канаева Б.Е
4.	Қазақ әдебиеті	Жолдыбаева М	IY орын	Арызгулова Б.К
5	математика	Сагидуллина Д	IY орын	Сержанова Г

Облыстық конкурстар -12

Облыстық "Біздің қолымыздан бәрі келеді" фестивалінде 2 оқушы - I,III орындарға ,облыстық ""Батырлар жыры-жастар үні" атты батырлар жырын жатқа орындау конкурсында 10 оқушы грамотамен марапатталған.

Интеллектуалдық конкурстардағы жүлделі орындар саны-66

"Русский медвежонок-языкознания для всех"	«Ақбота»	""British Bulldog"	"Кенгуру - математика баршаға"	"Золотое руно"	«Кенгуру-лингвист»	Барлығы
8	30	3	10	9	6	66

Қалалық немесе аудандық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: 12,5%

Мектептегі оқушы саны	Қалалық олимпиадалар	Ғылыми жобалар, конкурстар	барлығы	%
819	61	42	103	12,5

Қалалық олимпиада: 5 орын

№	Пән аты	Оқушының аты-жөні	класс	орыны
1	География	Сатыбалдина А	9	II
2	математика	Тлеулина Г	11	III
3	Биология	Жақсылықова М	11	IY
4	Қазақ тілі мен әдебиеті	Тынышқали Г	8	IY
5	физика	Қыстаубаев М	11	IY

Кіші олимпиаданың қалалық кезеңі: 4 орын

№	Пән аты	Оқушының аты-жөні	класс	орын
1	Қазақстан тарихы	Сақтағанова Лиза	8	III
2	Қазақстан тарихы	Сақтағанова Зарина	7	II
3	Қазақ тілі мен әдебиеті	Тынышқали Гүлназ	8	IY
4	Қазақ тілі мен әдебиеті	Амандық Аружан	7	IY

Қалалық деңгейдегі түрлі олимпиадалар-12

№	Олимпиада аты	Оқушының аты-жөні	класс	орыны
1	“Ясауитану” олимпиадасы	Кадирбекова	Тарих , 9класс	II
2	“Өзін-өзі тану” пәні бойынша	Сақтағанова Л	Өзін-өзі тану 8класс	II
3	“Сократ” олимпиадасы	Сақтағанова З,	Математика	IY

		Нұрғалиева Қ.	7класс , 5 класс	ІҮ
4	Жарқын болашақ” “КАТЕV” олимп пиадасы	Арыстан Али Сақтағанова З Тынышқали Г Мухтарова А	Қазақ тілі Қазақ тілі Қазақ тілі Қазақ тілі	ІҮ ІІІ І ІҮ
5	"Кішкентай білгірлер"	«Жалын тобы 4 кл»	Бастауыш класс	ІҮ
6	Астрономия олимпиадасы	Сақтағанова З	Физика	ІҮ
7	«Достық-2018»	Жанділда Г Таужанова Д	Ағылшын,мат ем,қазақ тілі	ІІІ ІІІ орын

